

**Облыстық төтенше жағдайлардың
алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Орал қаласы

№ 1

2018 жылғы 21 ақпан

Төрағалық еткен: Батыс Қазақстан облысының әкімі **А.С.Көлгінов**

Қатысқандар: тізім бойынша

Аудан әкімдіктері бейнеселектор режимінде қатысты (тізім бойынша)

2017 жылы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша жұмыс қорытындылары және 2018 жылғы міндеттер туралы
(Көлгінов, Жұмашев, Мусин, Қуаншалиев)

Негізгі өзекті мәселелерді талқылай келе, төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың барлық бағыттары бойынша жұмысты жетілдіру мақсатында облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия төмендегілерді **ҰСЫНАДЫ:**

1.1. Батыс Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Ж.Жұмашевтың ақпараты назарға алынсын.

1.2. **Облыс әкімінің орынбасары Б.Азбаев:** 2017 жылғы 15 ақпандағы № 1 хаттаманың 2.4-тармағын орындамағаны үшін Орал қаласының әкімін, 2017 жылғы 15 ақпандағы №1 хаттаманың 3.4-тармағын орындамағаны үшін Ақжайық, Бөкей ордасы аудандарының әкімдерін, 2017 жылғы 23 мамырдағы № 2 хаттаманың 2.4-тармағын орындамағаны үшін Жәнібек ауданының әкімін тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде облыс әкіміне ұсыныс берсін.

2018 жылғы 1 наурызға дейін

1.3. «Батыс Қазақстан ЭЖТК» акционерлік қоғамы (келісім бойынша) Орал қаласы және аудандар әкімдерімен бірлесіп электр тарату желілері объектілерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырсын.

2018 жыл бойы

1.4. **Аудандар мен Орал қаласының әкімдері, облыстық басқармалар мен департаменттер:**

- командалық-штабтық оқу-жаттығулары, штабтық жаттығулар барысында шұғыл әрекет ету жасақтарының, Азаматтық қорғау құрылымдарының дайындығын, олардың мүлікпен, техникамен жарақтандырылуын іс жүзінде тексерсін;

- Азаматтық қорғау жөніндегі Республикалық және облыстық курстарды басшы құраммен толық жинақтау жоспарының мүлтіксіз орындалуы бойынша шаралар қабылдасын;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және жою комиссиясы отырыстарының өткізілуі, отырыс хаттамалары мен олардың орындалуына талдау жүргізу

туралы ақпаратты Төтенше жағдайлар департаментіне (келісім бойынша) уақтылы ұсынсын.

жыл бойы

2. Тасқын суды апатсыз өткізуге дайындық және жүзеге асыру туралы

(Жұмашев, Нұржанов, Шияп, Жұмағалиев)

Келіп түскен ақпаратты талқылай келе, облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

2.1. Батыс Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Ж.Жұмашевтың ақпараты назарға алынсын.

2.2. Облыстық су тасқынына қарсы штабтың құрамы бекітілсін (қосымшаға сәйкес).

2.3. Аудандар мен Орал қаласының әкімдері:

- облыс орталығы мен аудандарда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы су тасқыны және су басу қаупі төнгенде қауіпсіздік шараларын сақтау жөнінде тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізісін. Саяжай қоғамдарында, кенттік, ауылдық округтерде және елді мекендерде тұрғындармен кездесулер ұйымдастырсын;

- қар ерігеннен бастап аудандар мен қаланың су тасқынына қарсы штабтарының кезекшілігін ұйымдастырып, күн сайын сағат 8.00-ге облыстық су тасқынына қарсы штабқа су тасқыны жағдайы туралы баяндасын;

- барлық елді мекендерде қарды шығару, су жүретін арықтарды тазалау жұмыстарын ұйымдастырсын;

- Қазақстан Республикасы Су кодексінің 124-бабының талаптарын сақтасын;

- су тасқыны қаупі бар аймақтарды ерекше бақылауға алсын.

2018 жылғы 1 наурыздан 1 мамырға дейін

2.4. **Орал қаласының әкімі** иесіз гидротехникалық құрылыстарды коммуналдық меншікке беру жұмысын аяқтасын.

2018 жылғы маусым

2.5. Төтенше жағдайлар департаменті (келісім бойынша):

- өткізілетін «Көктем-2018» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы барысында барлық Азаматтық қорғау қызметтерінің дайындығын бағаласын;

- су тасқынына қарсы штабтың жұмысын Төтенше жағдайлар департаментінің (келісім бойынша) дағдарыс орталығында ұйымдастырсын;

- су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлар қаупі төнген кезде тартылатын инженерлік техникалары бар ұйымдарды есепке алсын;

- құтқару, авариялық және өзге де күтпеген жұмыстарды жүргізу үшін жанар-жағармай материалдары мен қапшықтар қорын құрсын және қалыптасқан жағдайға байланысты жедел пайдалансын. Қажет болған жағдайда

қала мен аудандарға су тасқынына қарсы кезек күттірмейтін іс-шаралар үшін жанар-жағармай материалдары мен қапшықтар бөлсін;

- су тасқынының алдын алу мақсатында авиатехниканы, мұзды жару бригадаларын тартуға және ғарыштық мониторинг бойынша мәлімет алуға келісімшарт жасасын.

**2018 жылғы 26 ақпаннан
су тасқыны кезеңі аяқталғанға дейін**

- қала және аудан әкімдерімен бірлесе мұз кептелісі болуы ықтимал су тасқыны қаупі бар өзендерде мұз кесу жұмыстарын ұйымдастырсын;

2018 жылғы 27 ақпаннан бастап

Азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесі облыстық аумақтық кіші жүйесінің басқару органдарының қатысуымен облыс аумағында «Су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайлардың алдын алу айлығын» ұйымдастырсын.

2018 жылғы наурыз

2.6. «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Батыс Қазақстан филиалы (келісім бойынша):

- гидрометеорологиялық бекеттердің тұрақты жұмысын және облыстық су тасқынына қарсы штабқа су тасқынына қатысты болжамдардың уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етсін;

- су деңгейі көтерілгеннен бастап облыстық су тасқынына қарсы штабқа күн сайын облыс өзендері бойынша гидрологиялық бюллетеньдер ұсынсын.

**2018 жылғы 1 наурыздан
су тасқыны кезеңі аяқталғанға дейін**

- су тасқыны жағдайы күрделенген кезде облыстың су тасқынына қарсы штабқа тәулігіне 4 мезгіл гидрологиялық бюллетеньдер ұсынсын.

су тасқыны кезеңінде

2.7. «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Батыс Қазақстан филиалы (келісім бойынша):

- барлық гидротехникалық құрылыстардың су өткізуге және су қоймаларын толтыруға дайындауды аяқтасын, облыстық су тасқынына қарсы штабқа күн сайын ақпарат беріп отырсын;

- Қазақстан Республикасы Су кодексінің 124-бабының талаптарын сақтасын;

- Казталов, Ақжайық, Жаңақала аудандарының жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, дала алқабын суландыру жерлерінен суды апатсыз өткізуді қамтамасыз етсін.

**2018 жылғы 1 наурыздан
су тасқыны кезеңі аяқталғанға дейін**

2.8. «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамының (келісім бойынша), «ҚазақАвтоДор» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (келісім бойынша) Батыс Қазақстан облыстық филиалдары, облыстық

жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының Орал филиалы (келісім бойынша):

- бұзылу және су шаю қаупі бар автокөлік және теміржол телімдерін нақтыласын;

- қауіпті жерлерге қиыршық тас, құм және қажетті құрал-саймандарды дайындап жеткізсін, инженерлік техникаларды дайын күйге келтірсін және оларды жолдар бағыты бойынша бекітсін;

- автокөлік және теміржол қатынастарын дереу қалпына келтіру бойынша шұғыл шаралар қабылдасын.

2018 жылғы наурыз-сәуір

- күн сайын сағат 8.00-ге облыстық су тасқынына қарсы штабқа су өткізу құбырларының ашылуы туралы баяндасын.

**2018 жылғы 1 наурыздан бастап
су тасқыны аяқталғанға дейін**

2.9. Ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметі (келісім бойынша), «Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы» ММ (келісім бойынша) су тасқынына қарсы жұмыстар жүргізу кезінде белгіленген тәртіппен өзге ұйымдардан тартылатын инженерлік техникалардың өтуін қамтамасыз етсін.

**2018 жылғы наурыздан бастап
су тасқыны аяқталғанға дейін**

2.10. Облыстық білім басқармасы:

- «Су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбында қалалық, аудандық жалпы орта білім беретін мектептерде сабақтар ұйымдастырсын;

2018 жылғы наурыз

- су басуы мүмкін ведомстволық бағынысты мекемелерді су басқан жағдайда әрекет ету жөніндегі мақсатты жоспарлар дайындасын, су басу қаупі бар жерлерде орналасқан білім объектілерін ерекше бақылауға алсын;

2018 жылғы наурыз-сәуір

2.11. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланы «Батыс» өңірлік қолбасшылығының 5517 әскери бөлімі табиғи және техногендік сипаттағы жергілікті ауқымды төтенше жағдайларды жою бойынша келісілген жоспарға сәйкес әскери бөлімнің күштері мен құралдарының дайындығын қамтамасыз етсін.

қажет болған жағдайда

2.12. «Батыс су арнасы» ЖШС (келісім бойынша) облыс әкімдігіне облыс орталығындағы судың сапасы мен 19 және 29 канализациялық насосты станцияларда жүргізілген жұмыстар барысы туралы ақпарат жолдасын.

2018 жылғы 5 наурызға дейін

2.13. **Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Батыс Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының басшысы** облыс әкімдігіне облыс аумағындағы сібір жарасының ықтимал ошақтары және қауіпті жұқпалы ауруларды көму ошақтары бойынша толық ақпарат жолдасын.

2018 жылғы наурызға дейін

3. Облыстық ТЖ комиссиясының 2017 жылғы 28 желтоқсандағы №4 хаттамасының орындалуы және өрт қаупі кезеңіне алдын ала дайындық
(Ахметжанов)

3.1. Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары А.Ахметжановтың ақпараты назарға алынсын.

3.2 Төтенше жағдайлар департаменті (келісім бойынша):

- хаттаманың барлық іс-шараларының орындалуына мониторинг жүргізіп, толық анықтаманы облыс әкімдігіне жолдасын;

- облыс әкімдігіне 2018 жылдың өрт қауіпті кезеңінде Батыс Қазақстан облысы аумағындағы орман және дала өрттерінің алдын алу және жою іс-шаралары жоспарының жобасын жолдасын.

2018 жылғы сәуір

4. «Су тасқыны қаупінің алдын алу және оны жою жөніндегі 2017-2020 жылдарға арналған іс-шаралар кешені» Жол картасының және Тасқын суды сақтау, жинау мен бөлу және жайылымдағы малды суару үшін суландыру құрылыстарын (құдықтарын) қалпына келтіру, жайластыру жоспарының жүзеге асырылу барысы туралы
(Дәулетжанов, Нұржанов)

4.1. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы А.Дәулетжановтың ақпараты назарға алынсын.

4.2. Аудандар мен Орал қаласының әкімдері:

«Су тасқыны қаупінің алдын алу және оны жою жөніндегі 2017-2020 жылдарға арналған іс-шаралар кешені» Жол картасын (бұдан әрі – Жол картасы) және Тасқын суды сақтау, жинау мен бөлу және жайылымдағы малды суару үшін суландыру құрылыстарын (құдықтарын) қалпына келтіру, жайластыру жоспарын (бұдан әрі - Тасқын суды сақтау, жинау мен бөлу жоспары) іске асыру бойынша жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеу кезінде іс-шараларды облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармаларымен және Төтенше жағдайлар департаментімен (келісім бойынша) келіссін.

жыл бойы

4.3. Аудандар мен Орал қаласының әкімдері, облыстық құрылыс, экономика және бюджеттік жоспарлау, «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Батыс Қазақстан филиалы (келісім бойынша) Тасқын суды сақтау, жинау мен бөлу жоспарын орындау бойынша облыстық

табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына ақпарат жолдасын.

ай сайын 20-сына дейін

4.4. Аудандар мен Орал қаласының әкімдері, облыстық құрылыс, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Жол картасын орындау бойынша Төтенше жағдайлар департаментіне (келісім бойынша) ақпарат жолдасын.

ай сайын 20-сына дейін

4.5 Төтенше жағдайлар департаменті (келісім бойынша) облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен бірлесе отырып Жол картасы мен Тасқын суды сақтау, жинау мен бөлу жоспарының жүзеге асырылуы бойынша ақпаратты облыс әкімі аппаратына ұсынсын.

ай сайын 25-іне дейін

Осы хаттамалық шешімнің орындалуын бақылау Төтенше жағдайлар департаментіне (келісім бойынша) жүктелсін.

Облыс әкімі



А. Көлгінов



М. Маманжол



Қосымша

Облыстық төтенше жағдайлардың
алдын алу және жою жөніндегі
комиссияның 2018 жылғы 21
ақпандағы №1 хаттамасымен
бекітілген

**Батыс Қазақстан облысының
су тасқынына қарсы штаб құрамы**

1.	АЗБАЕВ Бағдат Оразалдыұлы	-	облыс әкімінің орынбасары - штаб бастығы
2.	ЖҰМАШЕВ Жасұлан Қыдырғожаұлы	-	Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы – штаб бастығының орынбасары (келісім бойынша)
3.	МҰҚАЕВ Мұрат Рахметұлы	-	Орал қаласының әкімі
4.	ҒАБДУЛЛИН Манарбек Серікқалиұлы	-	Ішкі істер департаментінің Жергілікті полиция қызметінің бастығы (келісім бойынша)
5.	ТӨСЕКБАЕВ Қанат Дүйсенбайұлы	-	облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы
6.	ҚАДЫРОВА Шолпан Маратқызы	-	облыстық білім басқармасының басшысы
7.	НАРЫМБЕТОВ Бақытжан Хаберұлы	-	облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы
8.	ОРЫНҒАЛИЕВ Ғалым Ғұбашұлы	-	облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы
9.	МАҢҚАРАЕВ Қайсар Зәкірұлы	-	облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы
10.	ЖАЛМАҒАМБЕТОВ Арман Жанатұлы	-	облыстық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы
11.	ЕСЕНҒАЛИЕВ Берік Абатұлы	-	облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы
12.	ДӘУЛЕТЖАНОВ Амангелді Медхатұлы	-	облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы

13.	САТҚАНОВ Мейіржан Мұнайдарұлы	-	облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы
14.	ЖҰМАҒАЛИЕВ Нұрболат Ұлданұлы	-	«Қазсушар» РМК Батыс Қазақстан филиалының директоры (келісім бойынша)
15.	УБИШЕВ Серік Рашидұлы	-	«Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы» РММ басшысының м.а. (келісім бойынша)
16.	ҚУАНШАЛИЕВ Марат Ғабделқайырұлы	-	«ҚазАвтоЖол» АҚ Батыс Қазақстан облысы филиалының директоры (келісім бойынша)
17.	ШИЯП Нұржан Айтмағамбетұлы	-	«Казгидромет» РМК Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры (келісім бойынша)
18.	РАМАЗАНОВ Бауыржан Сәкенұлы		Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясы бөлім басшысының м.а. (келісім бойынша)